

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 маусым N 647. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 тамыздағы N 1251 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.08.27. N 1251 Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбында және мәтінінде "индикативтік" деген сөз "орта мерзімді" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен .

Орта мерзімді және бюджеттік жоспарлау процестерін үйлестіруді, орталық, жергілікті атқарушы және өзге мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын қалыптастыру жөніндегі өзара іс-қимылын ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері Ережеге сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының алдағы және кейінгі кезеңдерге арналған орта мерзімді жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен .

3. Ұлттық компаниялар :

1) үстіміздегі жылдың 15 маусымына дейін 2002 жылға арналған Даму жоспарларын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізуді;

2) бұрын бекітілген 2002 жылға арналған даму жоспарларын Ережеге сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 432 қаулысының (

Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 жыл, N 17, 170-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 14 маусымдағы

N 647 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Мәтіндегі "сауда" деген сөз "бюджеттік жоспарлау" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен, Тақырыбында және мәтінінде "индикативтік" деген сөз "орта мерзімді" деген сөздермен, "Астана және Алматы қалаларының" деген сөздер "республикалық маңызы бар қалалардың, астананың" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен, Мәтіндегі "ұлттық компаниялардың", "ұлттық компанияның", "ұлттық компаниялар" және "ұлттық компанияларға" деген сөздерден кейін тиісінше "(даму институттарының)", "(даму институтының)", "(даму институттары)" және "(даму институттарына)" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1201, Мәтіндегі - "(даму институттарының)", "(даму институтының)", "(даму институттары)", "(даму институттарына)", "қаржы-шаруашылық қызмет жоспары", "қаржы-шаруашылық қызмет жоспарларын" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 748 қаулысымен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын (бұдан әрі - орта мерзімді жоспарлар), акционері ұлттық холдинг немесе ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын ұлттық компанияларды (бұдан әрі - ұлттық компаниялар) қоспағанда, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу ұғымын және әдіснамалық негіздерін, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың оларды қалыптастыру жөніндегі өзара іс-қимылының тетігін белгілейді. <*>

Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспары - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мәслихат бекітетін, республиканың немесе

өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының үш жылдық кезеңге арналған негізгі көрсеткіштері мен бағыттарын және оларды іске асыру жөніндегі шараларды айқындайтын құжат. < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 , 2004.11.15. N 1201 , 2005.07.20. N 748 , 2006.08.17. N 780 , 2008.11.12. N 1048 қаулыларымен

2. Орта мерзімді жоспар:

ел экономикасының сыртқы және ішкі факторларға байланысты таяудағы үш жылдағы даму қарқынын негіздейтін және индикативті сипаты бар;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың экономиканың жеке меншік және мемлекеттік секторларын дамыту және Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарларына, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауына Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасына сәйкес жоспарланатын кезеңде Қазақстан халқының әл-ауқатының өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі іс-қимылдарын айқындайтын;

әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік реттеуіштерінің көрсеткіштері (индикаторлары) мен тізбесін қамтитын құжат болып табылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен

3. Орта мерзімді жоспардың мақсатты параметрлері ретінде экономиканың серпінін, құрылымын және тиімділігін сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері (индикаторлары) пайдаланылады.

Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің (индикаторларының) нақты тізбесін белгілейді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1080 қаулысымен

4. Белгіленген мақсаттарға жету үшін шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық қызметіне ықпал етуді реттейтін негізгі құралдар құқықтық регламенттеу және экономикалық тұтқалар жүйесі болып табылады.

Экономикалық реттеу тұтқаларының тізбесі және іс-әрекетінің бағыттылығы, нақты сандық мәндер орта мерзімді жоспарлау процесінде айқындалады.

5. Орта мерзімді жоспарлау - Үкімет пен облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің жоспарланатын кезеңде Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарларында, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасында белгіленген мақсаттарға жетуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу процесі.

6. Орта мерзімді жоспарлау:

1) әлемдік және отандық экономиканы, сыртқы, ішкі тауар және қаржы рыноктарын дамытуды экономикалық талдау мен болжауға негізделеді;

2) елдің және оның өңірлерінің экономикасын серпінді дамыту үшін ш а р т т а р д ы а й қ ы н д а й д ы ;

3) жоспарланатын кезеңде Қазақстан Республикасы дамуының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу кезінде кешенді көзқарасты қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

4) аймақаралық ықпалдастықты дамытуға және халық кірістерінің артуына ы қ п а л е т е д і ;

5) нарықтық тетіктердің іс-әрекеті негізінде экономиканың өздігінен реттелуінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен .

2-бөлім. Орта мерзімді жоспарлау жүйесі

7. Шешілетін міндеттердің маңыздылығына қарай орта мерзімді жоспарлар республикалық және аймақтық деңгейлерде әзірленеді.

Республикалық деңгейде әзірленетін, экономиканың аясы мен салаларындағы мемлекеттік реттеу шараларын қамтитын орта мерзімді жоспар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Республикалық орта мерзімді жоспар) деп аталады.

Республикалық орта мерзімді жоспарды Министрлік Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдарының қатысуымен әзірлейді.

Аймақтық деңгейде әзірленетін, облыстарды, Астана және Алматы қалаларын тиімді дамытуға бағытталған экономикалық және әлеуметтік шаралар кешенін қамтитын орта мерзімді жоспар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Облыстың орта мерзімді жоспары) деп аталады.

Облыстардың орта мерзімді жоспарларының әзірлеушілері экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар (бұдан әрі - жергілікті уәкілетті органдар) болып табылады.

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдары Республикалық орта мерзімді жоспардың және Облыстардың орта мерзімді жоспарларының басты құралдары және құрамдас бөлігі болып табылатын мемлекеттік, салалық (секторалдық) және аймақтық бағдарламаларды әзірлейді. Мемлекеттік, салалық (секторалдық) және аймақтық бағдарламалардың жоспарлы кезеңде жүзеге асыруға белгіленген негізгі іс-шаралары Республикалық орта мерзімді жоспардың және Облыстардың

орта мерзімді жоспарларының тиісті бөлімдерінде баяндалады.

Ұлттық компанияны тиімді дамытуға бағытталған экономикалық және инвестициялық шаралардың бүкіл кешенін қамтитын орта мерзімді даму жоспары Ұлттық компанияның даму жоспары деп аталады.

Ұлттық компаниялар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеушілер болып табылады. < * >

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен .

8. Орта мерзімді жоспарлар жыл сайын жоспарланатын кезеңнің бір жылға ұзартылуын көздейтін жылжымалы негізде үш жыл мерзімге әзірленеді.

9. Республикалық орта мерзімді жоспарды Облыстардың орта мерзімді жоспарларын және Ұлттық компаниялардың даму жоспарларын өздерінің құзыреті шегінде орталық және жергілікті атқарушы, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдар іске асырады. < * >

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен .

1 0 . < * >

Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен .

3-бөлім. Орта мерзімді жоспарлардың құрылымы

11. Республикалық орта мерзімді жоспар мынадай бөлімдерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары (бұдан әрі - негізгі бағыттар);

2) әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік реттеуіштері - табиғи монополиялардың өнімдері мен көрсететін қызметтері тарифтерінің серпіні; жалақының, зейнетақылардың, мемлекеттік жәрдемақылардың ең төменгі мөлшерлері, күнкөрістің ең төмен деңгейі, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортына кедендік тарифтердің өзгеруі; жұмыс күшінің импортына квоталар; өнімдер (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) өндірісінің стандарттары;

3) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы;

4) қолданыстағы әрі әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесі;

5) қолданыстағы әрі әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі;

6) ұлттық компанияларды, оның ішінде акционері ұлттық холдинг болып

табылатын ұлттық компанияларды дамытудың негізгі бағыттары мен негізгі көрсеткіштерінің болжамы.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 , өзгерту енгізілді - 2006.08.17. N 780 қаулыларымен .

12. Облыстың орта мерзімді жоспары мынадай бөлімдерден тұрады:

1) облыстың (қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары ;

2) облыстың (қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы ;

3) қолданыстағы және әзірленетін аймақтық бағдарламалардың тізбесі;

4) қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар бөлінісінде басым жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі. <*>

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен .

13. Орта мерзімді жоспардың құрылымы, нысандары және көрсеткіштерінің тізбесі Министрліктің бұйрығымен бекітіледі.

4-бөлім. Орта мерзімді жоспарларды әзірлеудің және бекітудің тәртібі

Ескерту. 4 бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.07.01. N 723 қаулысымен .

1-бөлімше. Республикалық орта мерзімді жоспарды әзірлеудің және бекітудің тәртібі

14. Республикалық орта мерзімді жоспарды әзірлеу екі кезеңде жүзеге асырылады .

Республикалық орта мерзімді жоспардың жобасы орта мерзімді фискалдық саясат жобасын, алдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастырудың негізі болып табылады.

Республикалық орта мерзімді жоспардың жобасын қалыптастыру бірінші кезеңде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Министрлік жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 наурызына дейін Республикалық орта мерзімді жоспар бөлімдерінің нысандарын, көрсеткіштерінің тізбесін және құрылымын орталық және жергілікті атқарушы органдарға, өзге де мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұлттық компанияларға жібереді ;

2) Министрлік орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың қатысуымен жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 мамырына дейін Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың алдағы үш жылдық кезеңге арналған макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамдарын (бұдан әрі

- аса маңызды көрсеткіштердің болжамы) әзірлейді және Республикалық бюджет комиссиясының (бұдан әрі - бюджет комиссиясы) қарауына енгізеді.

Бюджет комиссиясы мақұлдаған Республикалық орта мерзімді жоспардың аса маңызды көрсеткіштерінің болжамын Министрлік үш күн мерзімде орталық және жергілікті атқарушы органдарға, өзге де мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұлттық компанияларға жібереді;

3) орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар Республикалық орта мерзімді жоспар бөлімдерінің құрылымына және көрсеткіштерінің нысандарына сәйкес жоспарланатынның алдындағы жылдың 15 мамырынан кешіктірмей, Республикалық орта мерзімді жоспардың тиісті бөлімдері мен көрсеткіштеріне және басымдылық тәртібімен олардың бөлінісінде қолданыстағы әрі әзірленетін мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламалар мен басым бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі бойынша Министрлікке ұсыныстар береді;

4) Министрлік жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 маусымына дейін орталық және жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардан алынған материалдардың негізінде Республикалық орта мерзімді жоспардың жоспарланатын кезеңге арналған жобасын қалыптастырады және бюджет комиссиясына енгізеді. Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың ұсыныстарында алшақтықтар туындаған жағдайда, келіспеушіліктер хаттамасы қоса беріледі.

Екінші кезеңде қолданыстағы әрі әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбелерін, қолданыстағы әрі әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды), ұлттық компанияларды, оның ішінде акционері ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияларды дамытудың негізгі бағыттары мен негізгі көрсеткіштерінің болжамын қалыптастыру және ел экономикасын дамытудың болжамды бағалауды нақтылау, Республикалық орта мерзімді жоспардың бөлімдерін түзету жүргізіледі;

1) жоспарланатынның алдындағы жылдың маусымында Министрлік орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың қатысуымен Республикалық орта мерзімді жоспардың бөлімдерін пысықтауды жүргізеді;

2) орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар Республикалық орта мерзімді жоспардың тиісті бөлімдері мен көрсеткіштерін жергілікті атқарушы органдармен кезең-кезеңімен келісуді және нақтылауды жүргізеді және бөлімдер мен көрсеткіштердің пысықталған нұсқасын жоспарланатынның алдындағы жылдың 10 шілдесінен кешіктірмей Министрлікке ұсынады;

3) жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 тамызына дейін Министрлік Республикалық орта мерзімді жоспардың жобасын қалыптастырады және оны мүдделі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарға келісуге жібереді;

4) Республикалық орта мерзімді жоспар жоспарланатынның алдындағы жылдың 15 тамызына дейін алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның жобасымен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізіледі және жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1080 қаулысымен.

2-бөлімше. Облыстардың орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің және бекітудің тәртібі

15. Облыстардың орта мерзімді жоспарларын әзірлеу екі кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңде жергілікті уәкілетті органдар:

1) алынған материалдар мен экономикалық жоспарлау жөніндегі аудандық және қалалық бөлімдердің ұсыныстары негізінде экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде облыстардың орта мерзімді жоспарларының ірілендірілген параметрлерін әзірлейді және жоспарланатынның алдындағы жылдың 15 мамырына дейін бюджет комиссиясына ұсынылатын Республикалық орта мерзімді жоспардың жобасына енгізу үшін Министрлікке ұсынады;

2) жоспарланатынның алдындағы жылдың 10 маусымына дейін жергілікті уәкілетті органдар облыстардың орта мерзімді жоспарларының жобаларын тиісті жергілікті бюджет комиссиясының қарауына жібереді;

3) жоспарланатынның алдындағы жылдың 10 шілдесіне дейін жергілікті уәкілетті органдар облыстардың орта мерзімді жоспарларының жобаларын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес Министрлікпен және басқа мүдделі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен келісуді жүзеге асырады.

Екінші кезеңде қолданыстағы және әзірленетін өңірлік бағдарламалардың тізбелерін, басым жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қалыптастыру және өңірдің дамуын болжамды бағалауды нақтылау, облыстардың орта мерзімді жоспарларының бөлімдерін түзету жүргізіледі:

1) жоспарланатынның алдындағы жылдың қыркүйегінде жергілікті уәкілетті органдар облыстардың орта мерзімді жоспарларын пысықтауды жүзеге асырады

және оларды облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдіктерінің қарауына енгізеді;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері жылдың 15 қазанына дейін мүдделі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен келісілген облыстардың орта мерзімді жоспарларын алдағы қаржы жылына арналған тиісті жергілікті бюджеттердің жобаларымен бір мезгілде тиісті мәслихаттардың бекітуіне ұсынады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1080 қаулысымен .

5-бөлім. Ұлттық компаниялардың Даму жоспарларын әзірлеудің және бекітудің құрылымы, тәртібі

16. Ұлттық компаниялар өздерінің Даму жоспарларын жылжымалы негізде жыл сайын үш жыл мерзімге әзірлейді (бұдан әрі - Ұлттық компаниялардың ж о с п а р л а р ы) .

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1201 , 2005.07.20. N 748 қаулыларымен .

17. Ұлттық компаниялардың жоспарлары мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) ұлттық компанияны (даму институтын) дамытудың жай-күйі және перспективалары туралы баяндама;

2) ұлттық компанияның инвестициялық бағдарламасы;

3) дамудың аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1201 қ а у л ы с ы м е н .

18. Ұлттық компаниялар жоспарлары бөлімдерінің құрылымы, нысандары мен көрсеткіштерінің тізбесі Министрліктің бұйрығымен бекітіледі.

19. Ұлттық компаниялардың жоспарларын әзірлеу және бекіту мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Министрлік бекіткен Ұлттық компания жоспарының нысандары, көрсеткіштер тізбесі және құрылымы негізінде жоспарланатынның алдындағы жылдың наурызында ұлттық компаниялар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Ұлттық компания жоспары жобасының әзірленуін ұйымдастыруды қамтамасыз е т е д і ;

2) салалық мемлекеттік органда қаралғаннан кейін Ұлттық компания жоспарының жобасы жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 маусымынан кешіктірмей Министрлікке тапсырылады;

3) *Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.08.17. N 780 қаулысымен.*

4) жоспарланатынның алдындағы жылдың тамызында Ұлттық компаниялар жоспарларының жобалары заңнамада белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік

органдармен, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен (табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын ұйымдар үшін) және Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігімен (тиісті тауар нарығында үстем жағдайға ие ұйымдар үшін) келісіледі;

5) жоспарланатынның алдындағы жылдың төртінші тоқсанында ұлттық компаниялар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иеленуді және пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Ұлттық компаниялардың жоспарлары жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекіту (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітуге ұсыну) үшін енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 , 2004.07.01. N 723 , 2004.11.15. N 1201 , 2006.08.17. N 780 , 2006.11.15. N 1080 қаулыларымен.

6-бөлім. Орта мерзімді жоспарларды әзірлеуді әдіснамалық және ақпараттық қамтамасыз ету

20. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдардың орта мерзімді жоспарларды әзірлеу кезіндегі жұмыстарына әдіснамалық басшылықты және оларды үйлестіруді Министрлік жүзеге асырады.

21. Министрлік өзінің шешімдерімен бағалар дамуының және тауарлар мен қызмет көрсетулер өндірісі серпінінің болжамдық көрсеткіштерін анықтауды қоса алғанда, орта мерзімді жоспардың тиісті бөлімдерін қалыптастыру жөнінде әдістемелік ұсыныстар әзірлейді және бекітеді.

22. Орта мерзімді жоспарлау Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне, мемлекеттік органдар жүзеге асыратын мониторингтерге, халықаралық қаржы институттарының есептеріне және басқа да ресми ақпаратқа негізделеді.

23. Министрлік орталық және жергілікті атқарушы органдардағы, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдардан орта мерзімді жоспарларды әзірлеу және оларды осы Ережеде белгіленген мерзімдерде іске асырудың барысын талдау үшін қажетті ақпараттық-статистикалық материалдар алуға құқылы.

24. Министрлік және жергілікті уәкілетті органдар орта мерзімді жоспарларды әзірлеу үшін өздерінің құзыреті шегінде меншік нысанына қарамастан ұйымдардан қажетті ақпарат алуға құқылы.

Егер сұратылатын ақпарат ұйымның пікірі бойынша коммерциялық құпия болып табылатын және жариялауға жатпайтын жағдайда Министрлікке бұл туралы хабарланады.

Коммерциялық құпияның бар екендігі туралы мәліметтер расталғаннан кейін

ақпаратты пайдалану және беру "қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен жүзеге асырылады, бұл ретте Министрлік және жергілікті уәкілетті органдар қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес оны пайдаланудың белгіленген режимін сақтау үшін жауапты болады.

7-бөлім. Орта мерзімді және бюджеттік жоспарлауды үйлестіру

25. Республикалық орта мерзімді жоспар және Облыстардың орта мерзімді жоспарлары тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде негіз болып табылады.

26. Орта мерзімді жоспардың аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы негізінде мемлекеттік бюджеттің алдағы үшжылдық кезеңге арналған болжамдық көрсеткіштері әзірленеді.

27. Республикалық орта мерзімді жоспар және Облыстардың орта мерзімді жоспарлары қолданылып жүрген және әзірленетін мемлекеттік, салалық (секторалдық) және аймақтық бағдарламалардың тізбесін, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттерге енгізу үшін басым инвестициялық жобалардың тізбесін белгілейді.

8-бөлім. Орта мерзімді жоспарларды іске асыруды бақылау

28. Министрлік орта мерзімді жоспарлардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

29. Министрлік тоқсан сайын елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі туралы Үкіметті хабардар етеді.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1080 қаулысымен .

30. Үкімет экономика мен әлеуметтік сала дамуының жай-күйі және аса маңызды проблемаларды шешу жөнінде қабылданатын шаралар туралы Қазақстан Республикасының Президентін хабардар етеді.

31. Әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспары макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы нақтылау кезінде түзетіледі.

Ескерту. 31-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1080 қаулысымен .